

Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 мамырдағы "Техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" N 149/5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 269/9 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 24 қарашада N 2806 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 152/6 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 152/6 қаулысымен.

Жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген бюджеттік қаражатты тиімді пайдалану мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2004 жылғы 26 тамыздағы N 214/7 қаулымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (әділет департаментінде 2004 жылғы қыркүйекте N 2698 болып тіркелген, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 116 санында жарияланған) облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 мамырдағы "Техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" N 149/5 қаулысына (әділет департаментінде 2004 жылғы 24 мамырда N 2505 болып тіркелген, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 6 маусымдағы N 78 санында жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

<i>Облыс әкімінің міндетін атқарушы</i>				<i>А. Вербняк</i>	
Павлодар	облысы	әкімдігінің			
2004	жылғы	15	қараша		
"Облыс	әкімдігінің	2004	жылғы		
17	мамырдағы	"Техникалық-экономикалық			
негіздемелерді,	жобалау	құжаттамаларын			
әзірлеуді	және	сараптау	жүргізуді		
қаржыландыру	үшін	жергілікті			

инвестициялық жобалардың тізбесін
 бекіту туралы" N 149/5 қаулысына
 өзгерістер енгізу туралы" N 269/9
 қаулысына қосымша

Облыс әкімдігінің
 2004 жылғы 17 мамырдағы

"Техникалық-экономикалық
 негіздемелерді, жобалау
 құжаттамаларын әзірлеуді
 және сараптау жүргізуді
 қаржыландыру үшін жергілікті
 инвестициялық жобалардың
 тізбесін бекіту туралы"
 149/5 қаулысына қосымша

**Техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау
 құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді
 қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың
 тізбесі**

Р/с N	Жобаның атауы	Техникалық-эконо- м и к а л ы қ негіздемелерді, ж о б а л а у құжаттамаларын әзірлеуді және с а р а п т а у жүргізуді қаржыландыру к ө л е м і (мың теңге)
1	2	3
Облыс денсаулық сақтау департаменті		
1	Баянауыл ауданындағы 35 төсектік Баянауыл туберкулез ауруханасының құрылысын салу	6400,0
2	Павлодар қаласындағы 210 төсектік туберкулезге қарсы диспансердің құрылысын салу	10797,0
3	Баянауыл ауданы Октябрь ауылындағы фельдшерлік пункттің ғимаратын салу	400,0
4	Кенжекөл ауылында ауылдық дәрігерлік емхананың құрылысын салу (Павлодар қаласының ауылдық аймағы)	1000,0

5	Качиры ауданындағы қашыр ауылында 35 төсектік туберкулез ауруханасының құрылысын салу (екінші кезеңін аяқтау)	2900,0
6	Облыстық онкологиялық диспансерге сәулелік терапия бөлімінің жапсаржай құрылысын салу	1500,0
Облыс білім департаменті		
7	Шарбақты ауданы Шалдай ауылында туберкулезбен ауыратын балаларға арналған 220 орындық санаторий түріндегі мектеп-интернаттың құрылысын салу	2188,0
8	Павлодар ауданы Набережное ауылында 420 орындық орта мектептің құрылысын салу	6932,0
9	Ертіс ауданы Ертіс ауылында 198 орындық орта мектептің құрылысын салу	4614,0
10	Лебяжі ауданы Ямышев ауылында 320 орындық мектептің құрылысын салу	3774,0
11	Шідерті кентінде 600 орындық мектептің құрылысын салу (Екібастұз қаласының ауылдық аймағы)	11073,0
12	Май ауданы Көктөбе ауылында қазақ тілінде оқытатын 350 орындық мектептің құрылысын салу	6596,0
13	Павлодар қаласында мемлекеттік тілде оқытатын 1078 орындық мектептің құрылысын салу	495,0
14	Павлодар қаласындағы N 3 мектеп-гимназияға 420 орындық жапсаржай құрылысын салу	6169,0
15	Лебяжі ауданы Жабағылы ауылында 80 орындық мектептің құрылысын салу	1500,0
16	Баянауыл ауданы Мұрынтал ауылында 50 орындық бастауыш мектептің құрылысын салу	1200,0
17	Павлодар ауданы Романов орта мектебіне спортзал құрылысын салу	1000,0
18	Павлодар қаласында балалар ауылының құрылысын салу	1500,0
19	Баянауыл ауданы Баянауыл ауылында 600 орындық мектеп-интернаттың құрылысын салу	3000,0
Облыс халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаменті		

20	Павлодар ауданы Мичурин ауылындағы мамандандырылған психикалық науқастарға арналған үйге кептіру цехының құрылысын салу	21,0
21	"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған бейімдеу орталық-баспанасы" мемлекеттік мекемесіне қосалқы үй-жайлар кешенінің құрылысын салу	18,0
Облыс туризм және спорт департаменті		
22	Павлодар қаласындағы орталық стадионды қайта жаңарту	1800,0
Облыс сәулет және қала құрылысы департаменті		
23	Павлодар ауданы Мичурин ауылында бюджет саласы қызметкерлеріне арналған санаторий-профилакторийдің құрылысын салу	1200,0
	Барлығы	76077,0